

Ибраева А.С., Есетова С.К.,
Турегельдиева А.

**Қазақстан Республикасында
мигранттардың құқықтық
мәдениетті қалыптастыру
бойынша**

Көшіп-қонушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселелері бүгінгі таңда аса маңызды болып табылады. Мигранттар жергілікті азаматтардың өздерінің құндылықтарымен, түсініктерімен, мінез-құлық ережелерімен ерекшеленеді. Әдетте олар ерекше отбасылық қатынастарымен, өзара байланыстарымен және бағдарларымен де ерекшелінеді. Мигранттар жиі түрде осы мемлекетте қалыптасқан нормаларды, заңдарды бұзады немесе бұзуға дайын болады. Өкінішке орай, көші-қон процестерінде криминогендік ахуалдың нашарлауы факторларға жатады. Бұл мигранттардың заңдарды білмеуінен, құқықтық мәдениет және тиісті деңгейдегі құқықтық сананың болмауымен байланысты.

Көшіп-қонушылардың құқықтық мәдениетін арттыру үшін іс-шараларды кешенді түрде енгізу қажет, құқықтық ағарту, құқықтық білім беру және құқықтық тәрбие жүргізу қажет.

Түйін сөздер: көшіп-қонушылардың құқықтық мәдениеті, көші-қон процестері, құқықтық сана, құқықтық білім беру, көшіп-қонушыларға құқықтық білім беру.

Ibraeva A.S., Esetova S.K.,
Turegeldiyeva A.

**On the formation of law culture
migrants in Kazakhstan**

Questions of formation of legal culture of migrants in Kazakhstan are more than ever. Migrants are different from the values of the local population, landmarks, faith, rules of behavior, communication style, often have a particular family structure and hierarchy of relationships within society. Unfortunately, migration processes are now a factor in the deterioration of the crime situation. This is due to ignorance of the laws of migrants, inconsistency of legal culture and an adequate level of legal consciousness. In order to improve the legal culture of migrants, it is necessary to implement a set of measures on legal education, legal education and legal education of migrants.

Key words: law culture of migrants, migration processes in Kazakhstan, Law consciousness, Law education, Law education of migrants.

Ибраева А.С., Есетова С.К.,
Турегельдиева А.

**К вопросу о формировании
правовой культуры мигрантов
в Республике Казахстане**

Вопросы формирования правовой культуры мигрантов в Казахстане стоят как никогда остро. Мигранты отличаются от местного населения ценностями, ориентирами, верой, правилами поведения, стилем общения, зачастую имеют особую семейную структуру и иерархию взаимоотношений внутри социума. Мигранты нередко не соблюдают дозволения и запреты, установленные в данном сообществе, в том числе законодательные рамки поведения. К сожалению, миграционные процессы сегодня являются одним из факторов ухудшения криминогенной ситуации. Это связано с незнанием мигрантами законов, несоответствием правовой культуры и должного уровня правового сознания. Для того чтобы повысить правовую культуру мигрантов, необходимо внедрить комплекс мероприятий по правовому просвещению, правовому образованию и правовому воспитанию мигрантов.

Ключевые слова: правовая культура мигрантов, миграционные процессы в Казахстане, правовое сознание, правовое просвещение, правовое образование мигрантов.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА
МИГРАНТТАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙ-
ЫНША**

Миграцияның негізгі субъектілері – мигранттар. Олар жергілікті халықтық тұрғындардың құндылықтарынан, өздерінің бағыт-бағдарымен, сенімдерімен, мінез-құлық ережелерімен, қарым-қатынас стилдерімен, отбасылық құрылымы мен ішкі өзіндік социумдық иерархиялық қатынастарымен ерекшеленеді.

Мемлекетте мигранттардың құқықтық мәдениетінің дұрыс қалыптаспаған деген сөз кездейсоқтық емес, олар әртүрлі (қарапайым білімсіздіктен бастап айқын білдірілген наразылыққа дейін) заңдық нормамен қоғамдық ортада бекітілген құқықтар мен тыйымдарды сақтамайды.

Мемлекеттік статистикалық комитеттің есебі бойынша, 2016 жылы 9 айдың ішінде тұрғылықты тұрғындары 17 млн. адамнан сәл ғана асатын Қазақстан Республикасының аумағына 150 000 шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар кірген [1].


ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық институтының ауқымды зерттеуінің нәтижесі бойынша сарапшылар, көші-қон қазақстандықтардың әлеуметтік мәдениетін өзгерткендігі көзге анық байқалады деген қорытындыға келді, бұның бір жағынан алғанда – мемлекетке жаңа мәдениет алып келгендей көрінгенімен, екінші жағынан алғанда – тәуекелге бел будыратын секілді, яғни жеткілікті білім цензасы жоқ тығыз байланыстағы үлкен қалалардың адамдары үшін [2].

25 жыл егемендікте республикада халықаралық көші-қон қарқынды және табиғи даму кезеңдерін бастан өткізгендігі, және де соңғы жылдары көші-қон қозғалысын реттеу барысы күшіне енгендігі зерттеу нәтижесінде көрініс табады. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанда соңғы 25 жылдық тәуелсіздікте көші-қон үрдістері жалпы алғанда былай болды: егер ауқымды мәжбүрлі эмиграция 1990 жылдары қызу жүрсе, ал 2000 жылдары Қазақстан Республикасы еңбек миграциясына айналды – Орталық Азия елдерінен еңбек мигранттарын қабылдайтын өзіндік орталыққа айналды. Оның үстіне, 1991 жылдан бастап Қазақстан әлемнің түрлі елдеріндегі қазақтарды этникалық репатриациялау саясатын жүргізді [сол жерде].

Көші-қон процестерін Қазақстанда бірнеше үлкен кезеңдерге бөлуге болады (көрнекілік түрде ұсынылған 1-кесте).

1-кесте – Қазақстандағы көші-қон процестерінің дәуірлеуі

№	Уақыт аралығы	Кезең	Негізгі ерекшеліктері
1	1987-1992	Қайта құру	Миграция кеңестік (советского) аумақтық кезеңдік кеңістіктен шықты және ырықтандыру ережесіне сәйкес елден шығу үдерісі Кеңес Одағы тарағанға дейін жылдамдатылды
2	1998 -1991	Ауқымды уақыт және ТМД елдері мен ТМД-дан тыс елдері арасында дүлей ауысым	Жаппай мәжбүрлі эмиграция және қазақстандық азаматтардың еңбек көші-қонының жылдам өсуі – ішкі және халықаралық, негізделген тарихи және геосаяси және жүйелік экономикалық дағдарыс салдарынан КСРО-ның ыдырауы және Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі
3	1999-2003	Салыстырмалы тұрақтану кезеңі	Мәжбүрлі көші-қон ағынын тұрақтандыру, эмиграция қарқынының төмендеуі, Қазақстанда макроэкономикалық тұрақтандыру нәтижесінде Орталық Азия елдерінен реттелмеген еңбек көші-қон иммигранттар ағындарын қалыптастыру
4	2004-2008	Көші-қон қозғалысы үрдісінің жағымды кезеңі	Ең төменгі немесе жағымды көші-қон сальдосы, шетелден қазақ репатрианттардың санының өсуі, тұрақты экономикалық өсуде шетелдік жұмыс күшін арттыру. Бір мезгілде реттелмейтін көшіп келушілердің еңбек иммигранттардың айтарлықтай саны артады және мемлекет заңсыз жұмыспен қамтудың алдын алуға, тоқтатуға күш салады.
5	2009-2015	Тұрақсыз кезең және қаржы, экономикалық дағдарыс жағдайында жаһандық миграциясының толқу процесі	Экономиканың жағымсыз жақтары мен нарықтық еңбек иммиграциясының қысқаруы, келуге және тұрақты тұруға кетуге тұрақтанады. Сыртқы факторлардың өсуі өзіндік рөлін атқара бастайды, атап айтқанда, Кедендік одақ құру және кейінірек Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО).




1-сурет – Оралмандардың шығу елдері

Әлеуметтік даму және денсаулық сақтау Министрлігі статистикалық Комитетінің нәтижесі бойынша, 1991 жылдан бастап 2016 жылдың 1 қаңтары аралығында Қазақстанда 261 104 отбасы пайда болды, сонымен қатар оралман мәртебесіне ие болды немесе басқаша айтсақ, 957 772 этникалық қазақтар, бұл көрсеткіш халықтың жалпы санының 5,5% құрайды. Нақты сипаттамасы 1-3-суреттерде ұсынылады.


2-суретте көрініп тұрғандай, 95% астам еңбек етуге қабілетті жастағы адамдар репа-

рианттар болып табылады немесе жақын арада еңбекке қабілетті болуы мүмкін. Бұл әрине, Қазақстанда демографиялық мәселелерді шешуге әсерін тигізеді және ұлттық экономиканың еңбек ресурстарының мәселелерін қамтамасыз етеді.

Алайда, егер келтірілген деректер бойынша айтатын болсақ (3-сурет), сапалық сипаттамалары, сонымен қатар жақсартуды қажет етеді, бұл бағытта мемлекет кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелерін тиімді шешуі қажет.



2-сурет – Репатрианттардың жас сипаттамасы



3-сурет – Еңбекке қабілетті репатрианттардың сапалы сипаттамасы

Негізі оралмандардың көбі елді мекендерге орналастырылды, бала туу деңгейі жоғары деңгейде сақталды және де бірмезгілде қаладан да эмиграция жүргізілді, ширек ғасыр нәтижесінде Қазақстанда дезурбанизация қызу жүрді.

Қазақстанда келесі ағым иммигранттары – еңбек миграттары. Жыл сайын елімізге түрлі мәліметтер бойынша 50-ден 100 мың еңбек мигранттары келеді, олардың үштен екісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын заңсыз өтетін еңбек мигранттары [3]. Көбіне олардың көбісі құрылыста, саудада, ауылшаруашылығында еңбек етеді.

ТМД елдері арасындағы визалық рижимдер жоқ, бұл көші-қонның еңбек миграциясын жеңілдететіні анық.

Өкінішке орай, көші-қон процестері бүгінгі күнде криминогендік ахуалдың нашарлау факторларының бірі болып отыр.

Бұл әрине мигранттардың заңды білмеуі, құқықтық мәдениетке сәйкес келмеуі мен құқықтық сананың толық қажетті деңгейде қалыптаспауымен тығыз байланысты.

Н.Ф. Кузнецованың әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамасына сәйкес қылмыстық құқықбұзушылықтың негізгі себебі, сананың деформацияға ұшырауы, әрине оның ішінде құқықтық [4].

Миграттардың құқықтық санасының дұрыс қалыптасуы қоғамда өзіндік заңдық нормаларға бағынып орындауда немесе қолдануда, сонымен қатар құқық бұзушылықтарды жасаудың алдын алуға, мемлекеттік механизмнің құқықтық тәрбиелік мәнін танып білуге мүмкіндік береді.

Сананың деформацияға ұшырауы – құқыққа деген көзқарастың өзгеруі, жалпы құқыққа байланысты бағаның төмендеуі [5].

Мигранттардың құқықтық мәдениетіне әсер ететін үш негізгі факторды көрсетуге болады:

- себептер мен жағдайлар кешені, өмірлік жағдайда туындайтын тұлғалық мәселелер, көші-қонның міндетті шарттары;
- факторлар, өмірлік жағдайда туындайтын шарттар, көші-қонның міндетті қалыптасуы;
- жағдайға байланысты кешен, елді мекеннің көшіп келгеннен кейінгі мигранттарға көрсеткен әсерлері.

Біз кішігірім көшіп-қонушылармен сұхбаттасу нысанында әлеуметтік зерттеу жүргіздік (Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан), жасы 25-тен 55 жасқа дейінгі еркек жынысты респонденттердің саны сұхбаттасу кезінде 50 адамды құрады. Сұхбат Алматы қаласының құрылыс аймақтарында жүргізілді.

Сұхбаттасу нәтижесі мигранттар құқықтық мәдениетінің төмен екенін көрсетті. Мигранттардың 90% өздерінің негізгі құқықтарын білмейтіндіктері, құқық қорғау органдарының өкілдерінен қорқатындықтары, өздерінің құқықтарын қорғау барысында қоғамдық мекемелер мен мемлекеттік органдарға бармайтындығы, тіпті өздерінің құқықтарының жүйелі түрде бұзылғандығын біле тұра қорғау үшін ешқандай әрекет етпейтіндіктері де байқалды.

Қазақстан Республикасының аумағында жүрген еңбек мигранттарының көбісі заңсыз жүргендер, құқықтық ұйғарымдарға қатысты құқықтық сананың жол бермейтіндігі әрине белгілі. Бұлардың ішінде көбісінің айтуы (75%) бойынша құқықтық норманы бұзуға болады, егер бұл нормалардың орындалуы қандайда қауіп төндіретін болса және т.б. Оның үстіне мұндай пікір қалыптасты көші-қон полициясы қызметкерлерінің іс-қимылы «арқасында».

Барлық жұмыс берушілер мен мигранттар арасында туындайтын қақтығыстар құқық қорғау органдарына хабарланбай өзара іштерінде шешіледі. Мигранттардың қыздары мен жұбайлары да заңсыз жүр, айлар бойы құқық қорғау органдарына ұсталып қаламыз ба деген қорқыныспен үйлерінен де шықпайды.

Бұл жағдай Қазақстанға ғана тән емес. Көптеген елдерде саяси пікір таластарда мигранттар орталық позицияны алады. Миграциялық сұрақтар бойынша қоғамдық пікір, нақты факторлардың нәтижесінде емес, өкінішке орай, эмоциялық ықпалдың әсерінен қалыптасады,

Мемлекеттік органдардың міндеті, әртүрлі буын басшылары, бизнес-ұйымдық және БАҚ өкілдерінің шынайы фактілермен жұмыс жасауын қадағалау. Көші-қон ағындарының елді мекендердегі нақты санын жеткізу, үлкен әлеуметтік және экономикалық үлесті көрсетуде көшіп-қонушылардың әсерінің бар екенін атап көрсету қажет. Елді мекен тұрғындарына сонымен қатар көптеген туындаған мәселелер көшіп-қонушылардың кінәсінен емес екендігін түсіндіру қажет.

Біз түсінуіміз қажет, адамдар әрқашанда

өзгеріс үстінде болады, яғни өмірдің ағымына байланысты. Тек өмірге деген мативация ғана әртүрлі болуы мүмкін: біреу өзінің таңдауы бойынша болса, екіншісі қоғамдық ортаның ықпалына қарай.

Бұл өзгермейтін құбылыс. Көшіп-қонушыларға қарсылық білдірмей, ғылыми тұрғыдан жетілдіріп, тиімді басқаруды үйреніп, барынша пайдалы жақтарды көрсету қажет.

Мигранттардың құқықтық мәдениетін жоғарылату үшін қандайда бір кешенді іс-шаралар енгізу қажет:

- шетел азаматтарының құқықтық жағдайын реттейтін, болу режимін, кіру және шығу тәртібін реттейтін заңдарды ырықтандыру;

- елді мекендердің құқықтық жағдайын көтеру, соның ішінде мигранттардың;

- келушілерге қызмет көрсетуді тиісінше ұйымдастыру;

- құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен тренингтер өткізу қажет;

- шетелдік деректерге сәйкес Орталық банк құру маңызды, Қазақстан Республикасының барлық аумағында орналастырылуы керек, дактилоскопиялық деректер базасына дейін.

«Жария» жобасының жетекшісі Ш. Исмаилов Қазақстанда шетелдік еңбек мигранттарына дактилоскопиялық зерттеуді енгізуді ұсынды [7]. Оның айтуы бойынша, бұл жаңалық Қазақстанға ақша табуға келген тұлғаларды шекарада есепке алуға мүмкіндік береді. Дактилоскопиялық зерттеу арқылы бұрынғы ескі құжатымен мемлекеттен шығуға тыйым салынған шетел азаматының Қазақстанға жаңа құжатпен келгенін анықтауға болады;

- әртүрлі бағыттарда мигранттармен жұмыс жасауға қоғамдық мекемелерді тарту қажет (материалдық, психологиялық, заңдық көмек және т.б.).

- талдауды және ғылыми-зерттеу қызметін зерделеу бойынша көші-қон жағдайын нақты болжауды жетілдіру және көші-қон ағынын реттеуге, тұжырымдауға бағытталған көшіп-қонушылар санасының деформацияға ұшырауын болдырмау үшін профилактикалық іс-шараларды жүргізу, оның ішінде құқықтық;

- азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетел азаматтарына анықтамалық-кеңес орталығын құру, сонымен қатар мигранттар мектебін құруға талпынас жасау керек;

- құқықтық ағымдағы кешен бойынша іс-шараларды жүзеге асыру, яғни мигранттардың құқықтық білімі мен құқықтық мәдениетін дамыту қажет.

Әдебиеттер

- 1 Галат И. Казахстан в цифрах: статистика за 2 мая 2016 года. – Интернет-ресурс: [vlast.kz](https://vlast.kz/strana/17042-kazahstan-v-cifrah-statistika-za-2-maa-2016-goda.html) . – Режим доступа: <https://vlast.kz/strana/17042-kazahstan-v-cifrah-statistika-za-2-maa-2016-goda.html> (дата обращения: 02.05.2016)
- 2 Елемесов М. Мигранты могут спасти Казахстан от «демографической ямы». – Интернет-ресурс: [Liter.kz](https://liter.kz) – Режим доступа: https://liter.kz/ru/articles/show/22690-migranty_mogut_spasti_kazahstan_ot_demograficheskoi_yamy_ (дата обращения: 11.08.2016)
- 3 Таджикиских мигрантов в Казахстане становится больше. – Интернет-ресурс: [Newtimes.Kz](http://newtimes.kz). – Режим доступа: <http://newtimes.kz/obshchestvo/item/38551-tadzhikskikh-migrantov-v-kazakhstane-stanovitsya-bolshe> (дата обращения: 22.09.2016)
- 4 Будкина И.С., Синьков Д.В. Попытка анализа современных концепций причин преступности // Известия Иркутской государственной экономической академии. – 2010. – №6(23). – С. 28-36.
- 5 Ли Д.А. Преступность иностранных граждан и лиц без гражданства: структурно-функциональные закономерности // «Черные дыры» в российском законодательстве: сборник материалов научной конференции. – 2010. – С. 79-83.
- 6 Рачкова А.В., Попкова О.В. Проблема диалога культур запада и востока (на примере взаимодействия мигрантов и местного населения в Европе) // Материалы VIII Международной студенческой электронной научной конференции. – Режим доступа: <http://www.scienceforum.ru/2016/1542/18667>>www.scienceforum.ru/2016/1542/18667 (дата обращения: 04.12.2016).
- 7 Жакеев М. Трудовых мигрантов, приезжающих в РК, предложили проверять по отпечаткам пальцев. – Интернет-ресурс: [Zakon.kz](http://www.zakon.kz). – Режим доступа: <http://www.zakon.kz/4801043-trudovykh-migrantov-priezzhajushhikh-v.html> (дата обращения: 10.10.2016).

References

- 1 Galat I. Kazahstan v cifrah: statistika za 2 maja 2016 goda. – Internet-resurs: [vlast.kz](https://vlast.kz/strana/17042-kazahstan-v-cifrah-statistika-za-2-maa-2016-goda.html) . – Rezhim dostupa: <https://vlast.kz/strana/17042-kazahstan-v-cifrah-statistika-za-2-maa-2016-goda.html> (data obrashhenija: 02.05.2016)
- 2 Elemesov M. Migranty mogut spasti Kazahstan ot «demograficheskoi jamy». – Internet-resurs: [Liter.kz](https://liter.kz) – Rezhim dostupa: https://liter.kz/ru/articles/show/22690-migranty_mogut_spasti_kazahstan_ot_demograficheskoi_yamy_ (data obrashhenija: 11.08.2016)
- 3 Tadzhikskikh migrantov v Kazahstane stanovitsja bol'she. – Internet-resurs: [Newtimes.Kz](http://newtimes.kz). – Rezhim dostupa: <http://newtimes.kz/obshchestvo/item/38551-tadzhikskikh-migrantov-v-kazakhstane-stanovitsya-bolshe> (data obrashhenija: 22.09.2016)
- 4 Budkina I.S., D.V. Sin'kov Popytka analiza sovremennyh koncepcij prichin prestupnosti. – Izvestija Irkutskoj gosudarstvennoj jekonomicheskoi akademii. – 2010. – №6(23). – S.28-36
- 5 Li D.A. Prestupnost' inostrannyh grazhdan i lic bez grazhdanstva: strukturno-funkcional'nye zakonomernosti. – «Chernye dyru» v rossijskom zakonodatel'stve: sbornik materialov nauchnoj konferencii. – 2010. – S. 79-83.
- 6 Rachkova A.V., Popkova O.V. Problema dialoga kul'tur zapada i vostoka (na primere vzaimodejstvija migrantov i mestnogo naselenija v Evrope). – Materialy VIII Mezhdunarodnoj studencheskoj jelektronnoj nauchnoj konferencii. – Rezhim dostupa: <http://www.scienceforum.ru/2016/1542/18667>>www.scienceforum.ru/2016/1542/18667 (data obrashhenija: 04.12.2016).
- 7 Zhakeev M. Trudovyh migrantov, priezzhajushhikh v RK, predlozhili proverjat' po otpechatkam pal'cev. – Internet-resurs: [Zakon.kz](http://www.zakon.kz). – Rezhim dostupa: <http://www.zakon.kz/4801043-trudovykh-migrantov-priezzhajushhikh-v.html> (data obrashhenija: 10.10.2016).